

**"Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы**

Ұлытау облысы Сәтбаев қаласының әкімдігінің 2025 жылғы 24 қаңтардағы № 06/04 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі Әлеуметтік кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Сәтбаев қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген "Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.
2. "Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы (Б.Апеков) Ереженің уәкілетті органда тіркелуін қамтамасыз етсін және Заңда белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын барлық шараларды қабылдасын.
3. Сәтбаев қаласы әкімдігінің 2019 жылдың 16 қазандағы №57/03 "Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" қаулысының күші жойылсын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау Сәтбаев қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Сәтбаев қаласының әкімі

М. Бурибаев

Сәтбаев қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 24 қаңтардағы
№ 06/04 қаулысымен
бекітілген

1. Жалпы ережелер

1. "Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - мемлекеттік мекеме) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар саласында мемлекеттік саясатты жүргізу үшін құрылған заңды тұлға мәртебесі бар, коммерциалық емес ұйым.

2. Мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Әкімшілік рәсімдік-процессуалдық Кодексіне және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік мекеме мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік

Елтаңбасы бейнеленген мөрі және қазақ және орыс тілдерінде өз атауы бар мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Мемлекеттік мекеме азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Мемлекеттік мекеме, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеме басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 200003, Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Наурыз көшесі, 148 үй.

9. Мемлекеттік органның толық атауы:

мемлекеттік тілде - "Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде – Государственное учреждение "Отдел занятости и социальных программ города Сатпаев".

10. Мемлекеттік Мекеменің құрылтайшысы Ұлытау облысы Сәтбаев қаласының әкімдігі (бұдан әрі - құрылтайшы) болып табылады.

11. Осы ереже "Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттерден, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

1) халықтың әлеуметтік әлсіз топтарына жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер болып табылады.

14. Өкілеттіктер:

1) Құқықтары:

осы Ережеде көзделген міндеттер мен өкілеттіктерді іске асыру үшін мемлекеттік мекеме өзінің өкілеттігі шегінде ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан, кәсіпорындардан, ұйымдардан қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды сұратуға және алуға құқылы;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да құқықтарды жүзеге асыру.

2) Міндеттері:

заңды және жеке тұлғалардың өтініштерін қарау, сондай-ақ мемлекеттік мекеменің құзыретіне жататын түсініктемелер беру;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

15. Функциялар:

"Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі құзыретіне жататын сұрақтар бойынша азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау, қарау және Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген мерзімдер мен тәртіпке сәйкес өтініш білдірушіге қабылданған шешім жөнінде хабарлау ;

мемлекеттік сатып алуды жүргізу;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу және кепілдік берілген әлеуметтік топтама бойынша;

тұрғын үй көмек тағайындау және төлеу;

әлеуметтік көмек тағайындау бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына жергілікті өкілетті органдардың шешімдері;

мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу;

мүгедектігі бар адамдарды және мүгедектігі бар балаларды жеке бағдарламаға сәйкес санаторийлік-курорттық емдеуді қамтамасыз ету;

мүгедектігі бар адамдарды жеке бағдарламаға сәйкес техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен және (немесе) арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету;

жеке бағдарламаға сәйкес жүріп-тұруы қиын, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекшінің, есту қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының көрсетілетін қызметтерімен қамтамасыз ету;

мүгедектігі бар адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасында кезделген қосымша әлеуметтік көмек шараларын ұсыну;

Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, куәліктер беру;

тұрғын үй сертификатын беру;

мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қызмет көрсететін мемлекеттік және мемлекеттік емес медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) әлеуметтік қызмет көрсетуге арналған құжаттарды рәсімдеу;

медициналық - әлеуметтік мекемелерде(ұйымдарда)арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу;

үйде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету;

қарауындағы арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілерді құру және олардың қызметі;

арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілердің тұрғылықты жері бойынша үйде арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін тәуліктің күндізгі уақытында азаматтардың мынадай санаттарына (бұдан әрі - қызмет алушылар) ұсыну:

- психоневрологиялық патологиясы бар мүгедек балаларға;
- тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балаларға;
- үйде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге мұқтаж бір жарым жастан он сегіз жасқа дейінгі балаларға;

- бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға;

- жасы ұлғаюына байланысты өз бетінше қызмет көрсетуге қабілетсіз адамдарға;

халықтың арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге деген қажеттіліктеріне талдау жүргізу;

арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну жүйесін дамыту жөнінде шаралар қабылдау;

арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілерді кадрмен қамтамасыз етуді, әлеуметтік жұмыскерлерді кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруда ұйымдастыру;

арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну мәселелері бойынша жеке, заңды тұлғалармен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну және арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге деген қажеттілікті бағалау мен айқындау жөніндегі көрсетілетін қызметтер бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру;

жұмыс күшінің сұранысы мен ұсыныстарын талдау, болжау және облыстың жергілікті атқарушы органына хабарлау;

облыстың жергілікті атқарушы органдарына халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары бойынша ұсыныстар енгізу;

жергілікті атқарушы органдарға халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары бойынша ұсыныстар енгізу;

өңірлік жұмыспен қамту картасын және халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыру;

ұлттық жобалар, қаланы дамыту жоспарлары, өңірлік жұмыспен қамту картасы шеңберінде жұмыс орындарын құру мониторингін жүзеге асыру;

жұмыс орындарын босату және қысқарту тәуекелдері бар ұйымдардың мониторингін жүзеге асырады;

әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамдарға қорғаншылық пен қамқоршылық белгілеу;

еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру, ұзарту және кері қайтарып алу;

әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік пен еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі қалалық үшжақты комиссияның жұмысын ұйымдастыру;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жұмыс жүргізу.

3. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттігі

16. Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесіне басшылықты мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

17. Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) өз орынбасарының және қызметкерлерінің міндеттерін мен өкілеттігін белгілейді ;

2) заңнамаға сәйкес мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекемесі қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады және еңбек қатынастарының мәселелерін шешеді;

4) бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

5) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда мемлекеттік мекемесін білдіреді;

6) мемлекеттік мекемесінің мүддесін ұйымдарда, мемлекеттік мекемелерде және кәсіпорындарда (меншік нысанына қарамастан) сенімхатсыз қорғайды;

7) бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және тәртіптік жауапкершілік жөнінде шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың қабылдануына дербес жауапты болады;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға бағытталған іс шараларды ұйымдастыру үшін жеке жауапкершілік алады;

8) "Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды;

9) бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді;

10) азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды.

Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

19. Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

20. Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

21. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген, қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

22. "Сәтбаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.